2022-2023 оқу жылының басында мектепке 1-сыныпқа 3 оқушы қабылданды, жалпы мектепте 42 оқушы болды. Жалпы контингенттен бастауыш сыныптарда -22, орта буында – 20 оқушы оқыды. 7-8 сыныптар біріктірілген.

Мектепте 9-сыныпты 5 оқушы аяқтады.

Мектептің іс-қағаздарын жүргізуші алфавиттік кітапты, оқушыларды қабылдау, аудару, бойынша құжаттарды белгіленген ережелерге сәйкес жүргізеді.

Оқушылардың жеке істері белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген, жеке істердің номерлері алфавиттік кітаптағы номерлермен сәйкес келеді. Сыныптар бойынша тіркеу папкасында орналастырылған, директордың қабылдау бөлмесінде сақталады.

-сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер;

№	Сынып	Оқушылардың саны	Сынып -комплект
1	1 сынып	3	1
2	2 сынып	7	1
3	3 сынып	7	1
4	4 сынып	5	1
5	5 сынып	4	1
6	6 сынып	5	1
7	7 сынып	5	1
8	8 сынып	1	-
9	9 сынып	5	1
Барлығы		42	8

Далабай ауылының негізгі орта мектебінде ерекше білім беруі қажет ететін оқушылар жоқ.

- Оқу жылының ішінде білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер.

Келген оқушылардың тізімі

Бағаланатын кезеңдегі білім алушылар контингентінің тізімі
ПДФ 29

Әдістемелік ұсынымдарға **8-қосымшаға** сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.
ПДФ 30

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/8/080324_235529_pdf29-2022-2023-ogh-blm-alushylar-kontingentn-tzm.pdf

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/8/080324_235120_pdf-302022-2023-ogh-8-osymsha.pdf

№	Оқушының аты жөні	Сынып	Келген мерзімі	Бұйрық номері
1	Нағызқан Әдемі	6-сынып	06.09.2022	№9
2	Садуев Нұрлан	5-сынып	28.11.2022	№14

Кеткен оқушылардың тізімі

№	Оқушының аты жөні	Сынып	Кеткен мерзімі	Бұйрық номері
1	Нағызқан Әдемі	6 сынып	22.09.2022ж	№10
2	Нарбутин Мирас	5 сынып	7.10.2022 ж	№11
3	Алтынбай Аружан	8-сынып	31.07.2023ж	№1
4	Садуев Нұрлан	6-сынып	16.08.2023ж	№5
5	Жұмаділ Айдай	3-сынып	24.08.2023ж	№6
6	Жұманбай Даулет	9-сынып	24.08.2023ж	№7

Оқу жылын 42 оқушы аяқтады. Жазғы уақытта 4 оқушы кетті. Мектепте 9-сыныпты 5 түлек бітіріп шықты.

2023-2024 оқу жылының басында 1-сыныпқа 3 оқушы қабылданды, жазғы уақытта 3 оқушы келіп мектепте 39 оқушы болды. Жалпы контингенттен бастауыш сыныптарда -22, орта буында – 17 оқушы оқиды. Мектепте 9-сынып түлектері жоқ, 5-7, 6-8 сыныптар біріктірілген.

Мектептің іс-қағаздарын жүргізуші алфавиттік кітапты, оқушыларды қабылдау, аудару, бойынша құжаттарды белгіленген ережелерге сәйкес жүргізеді.

Оқушылардың жеке істері белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген, жеке істердің номерлері алфавиттік кітаптағы номерлермен сәйкес келеді. Сыныптар бойынша тіркеу папкасында орналастырылған, директордың қабылдау бөлмесінде сақталады.

-сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер;

№	Сынып	Оқушылардың саны	Сынып -комплект
1	1 сынып	3	1
2	2 сынып	6	1
3	3 сынып	6	1
4	4 сынып	7	1
5	5 сынып	5	-
6	6 сынып	3	-
7	7 сынып	5	1
8	8 сынып	4	1

Бағаланатын кезеңдегі білім алушылар контингентінің

тізімі
ПДФ 31

Әдістемелік ұсынымдарға **8-қосымшаға** сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.

ПДФ 32

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/8/080324_235612_pdf31-2023-2024-oghblm-alushylardy-tzm.pdf

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/8/080324_235127_pdf32-2023-2024-ogh8-osymsha.pdf

Барлығы

39

6

Далабай ауылының негізгі орта мектебінде ерекше білім беруі қажет ететін оқушылар жоқ.

- Оқу жылының ішінде білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер.

Келген оқушылардың тізімі

№	Оқушының аты жөні	Сынып	Келген мерзімі	Бұйрық номері
1	Мұрзабек Інжу	2-сынып	08.08.2023ж	№3
2	Мұрзабек Іңқар	2-сынып	08.08.2023ж	№4
3	Ысқақ Темірлан	2-сынып	29.08.2023ж	№8

Кеткен оқушылардың тізімі

№	Оқушының аты жөні	Сынып	Кеткен мерзімі	Бұйрық номері
6	Сырбай Нұрасыл	6-сынып	1.09.2023ж	№12
7	Сырбай Көркем	3-сынып	11.09.2023ж	№13
8	Ысқақ Темірлан	2-сынып	11.09.2023ж	№13
9	Шуеншалі Исламбек	3-сынып	6.11.2023ж	№16
10	Шуеншалин Әділет	7-сынып	6.11.2023ж	№15
11	Шуеншалин Абзал	8-сынып	6.11.2023ж	№14

Ағымдағы уақытта мектепте 33 оқушы білім алады.

4 Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Мектепте **2021 – 2022 оқу жылдың** білім беру ұйымының басшысы бекіткен, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің МЖМБС және Үлгілік оқу жоспары талаптарына сәйкес келетін ОЖЖ және сабақ кестелері бар.

1—9 сыныптарда білім беру процесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар

Бағаланатын кезеңдегі әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары, **ПДФ 33** сабақ кестесі. **ПДФ 34**

Ресми интернет-ресурста орналастырылды http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_001615_pdf33-2021-2022-ogh-ou-ghmys-ghospary.pdf

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_145746_pdf34-2021-2022-ogh-saba-kestes.pdf

енгізілген);
Мектепшілік педагогикалық кеңес шешімімен барлық ұжым болып бір ауыздан жаңартылған бағдарлама бойынша оқитын сыныптарда үлгілік оқу жоспары 2018 жылғы 4 қыркүйекте шыққан №441 бұйрығымен жүргізілетін болды.
Сабақ кестесі мектептің негізгі мақсаттары мен ұмтылыстарына, оның білім сапасына жалпы бағдарына сәйкес келеді, яғни оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды, дәрігер мен психологтың ұсыныстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартының талаптары және мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлеміне негізделіп жасалынған.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
Мектепте 2022 – 2023 оқу жылдың білім беру ұйымының басшысы бекіткен, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің МЖМБС және Үлгілік оқу жоспары талаптарына сәйкес келетін ОЖЖ және сабақ кестелері бар.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
Мектепшілік педагогикалық кеңес шешімімен барлық ұжым болып бір ауыздан жаңартылған бағдарлама бойынша оқитын сыныптарда үлгілік оқу жоспары 2018 жылғы 4 қыркүйекте шыққан №441 бұйрығымен жүргізілетін болды.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу

Бағаланатын кезеңдегі
әзірленген және бекітілген
жұмыс оқу жоспары, **ПДФ 35**
сабақ кестесі. **ПДФ 36**

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_001437_pdf35-2022-2023-ogh-ghmys-ghospary.pdf

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_145722_pdf36-2022-2023-ogh-saba-kestes.pdf

бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Мектепте 2023-2024 оқу жылдың білім беру ұйымының басшысы бекіткен, бастауыш негізгі орта және жалпы білім берудің МЖМБС және үлгілік оқу жоспары талаптарына сәйкес келетін ОЖЖ және сабақ кестелері бар.

1-8 сыныптарға арналған осы оқу жұмыс жоспары төмендегі құжаттардың негізінде жасалды.

- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен 1-қосымша;

5-8 сыныптарда білім беру процесі:

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен 6-қосымша;

Аталған үлгілік оқу жоспары мектепшілік педагогикалық кеңесте бүкіл мектеп үшін таңдалып, 2023 жылдың 29 тамызындағы №1 хаттамасында жазылды.

- Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған "2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы" нұсқаулық - әдістемелік хат . Ы.Алтынсарин (2023 жылғы 25 суәірдегі № 3 хаттама).

Сондай -ақ оқу жұмыс жоспарын және сабақ кестесін жасау кезінде ҚР білім және Ғылым министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу

Бағаланатын кезеңдегі
әзірленген және бекітілген
жұмыс оқу жоспары, **ПДФ 37**
сабақ кестесі. **ПДФ 38**

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_002115_pdf37-2023-2024-oghghmys-ou-ghospary.pdf

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_001240_pdf38-2023-2024-oghsaba-kestes.pdf

жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» бұйрығын іске асыру бойынша талаптар сақталды.

Мектептегі сабақ кестесі- оқу -тәрбие жұмысын жоспарлаудың маңызды және тиімді түрлерінің бірі, оқушылар мен мұғалімдер ұжымдарының, әкімшіліктің және жалпы мектептің жұмысын анықтайтын негізгі ұйымдастырушылық құжат.

Сабақ кестесі мектептің негізгі мақсаттары мен ұмтылыстарына, оның білім сапасына жалпы бағдарына сәйкес келеді, яғни оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін, санитарлық- гигиеналық нормаларды, сондай-ақ ҚР мемлекеттік білім беру стандартының талаптары және мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлеміне сәйкес жасалды.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді,мәдениетті зерделеуге және жалпыазаматтық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:

Мектепте сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруға бағытталған. **2021-2022** оқу жылында рухани-адамгершілік тәрбиені қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызмет түрлерін жүзеге асыруды сынып жетекшілері мектеп оқушыларымен сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаттары, мерекелерді ұйымдастыру, мектеп іс-шараларына қатысу арқылы өткізді.

Азаматтық-патриоттық тәрбие, 2021-2022 оқу жылдары сынып жетекшілерінің, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Адал Ұрпақ» клубтарының, оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарымен жүзеге асырылды. Жыл сайынғы мектеп президентін сайлау, пікірталасқа қатысу өткізілді.

2021-2022 оқу жылының әдістемелік- нұсқау хаттың ұсынымдарына сәйкес жүргізілді. Отандық мәдени жетістіктерді - кітаптарды, мүсіндерді, суреттерді, музыкалық шығармаларды зерделеу және ілгерілету жүргізілді. Театрларға, мұражайларға, кітапханаларға сапарлар ұйымдастырылды. 2021-2022 оқу жылында қашықтықтан

Бағаланатын кезеңдегі тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары
ПДФ 39

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_000929_pdf39-2021-2022-ogh-trbie-ghmysyny-ghospary.pdf

оқыту кезінде мұражайларға онлайн бару ұйымдастырылды.

Еңбек тәрбиесі, 2021-2022 оқу жылы түрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды: жасампаздық көрмелері, мектепті көгалдандыру және абаттандыру, ізгі істер апталығы, қамқоршылық көмек. 2021-2022 жж. футболдан секциялық сабақтар, волейбол, баскетбол және спорт сыныптарының жұмыстары есебінен өткізілді.

Ағымдағы оқу жылының бірінші жартыжылдығына 8 бағыттағы тұжырымдаманы іске асыру барысында тәрбие қызметін ұйымдастыру.

Бірінші бағыт: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

«Атамекен» және «Тәрбие және білім» кіші бағдарламалары:
«Отаным-тағдырым», «Қазақстанның киелі географиясы» жобалары
Мақсаты: оқушылардың азаматтық-патриоттық санасын қалыптастыру.

Міндеттері: ҚР Конституциясын, заңнамасын, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу, азаматтық ұстанымды, өз Отанын қорғауға деген мақтанышын қалыптастыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, әлеуметтік және діни төзімділік мәдениетін тәрбиелеу, оқушы тұлғасының оң әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Екінші бағыт: Рухани-адамгершілік тәрбие

«Рухани қазына» кіші бағдарламасы («Рухани игілік»)
Мақсаты: оқушыларды адамзат өмірінің мәнін, рухани-адамгершілік құндылығын түсінуге үйрету, Мәңгілік Ел: Зайырлы қоғам және жоғары руханият

Міндеттері: оқушылардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру;
мораль туралы білімді, мінез-құлық пен адамгершілік өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын, сондай-ақ қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету, жағымды дүниетанымды қалыптастыру, қоршаған өмірде кереметті қабылдау қабілеті, өз міндеттеріне, өзіне, қоғамдық тапсырмаларға адал қарым-қатынас тәрбиелеу.

Үшінші бағыт: Ұлттық тәрбие «Туған жер» («Туған жер»), «100 жаңа тұлға», «Өлкетану» жобасы
Мақсаты: Ұлттық сананы, туған жерге, өз халқына деген

сүйіспеншілікті, Мәңгілік Ел рухани- адамгершілік құндылығын қалыптастыру.

Қазақ халқының тілін, тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, оның үздік дәстүрлерін сақтауға және дамытуға тәрбиелеу, Қазақстанның басқа халықтарының мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін зерделеу, қабылдау және құрметтеу

Төртінші бағыт: Отбасылық тәрбие «Отбасы әлемі жобасы» («Отбасылық игілік»)

Мақсаты: ұрпақтың рухани бірлігін, ата-аналарға, айналадағы адамдарға, құрдастарына деген құрмет пен ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу.

Міндеттері: отбасылық құндылықтардың маңыздылығын түсіндіру, отбасындағы өзара қарым- қатынасты жақсартуға жәрдемдесу, отбасының барлық мүшелеріне қатысты жауапкершілікті тәрбиелеу, мектеп пен отбасы арасында жемісті ынтымақтастық орнатуға ықпал ету.

Бесінші бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Саналы азамат жобасы («Саналы азамат»)

Мақсаты: еңбектің маңыздылығын түсінуді қалыптастыру; қоршаған ортаны қорғаушының белсенді ұстанымын, Мәңгілік Ел рухани-адамгершілік құндылығын тәрбиелеу: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы

Міндеттері: өзіне-өзі қызмет көрсету, түрлі еңбек қызметтеріне адал және шығармашылық қарым-қатынас жасау дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру;

туған өлкенің табиғатын зерделеу, оның сұлулығы мен ерекшеліктерін зерделеу, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, табиғи байлықтарды молайтуға ынталандыру.

Алтыншы бағыт: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

«Дарындылар елі» жобасы («Дарынды халық»)

Мақсаты: Мәңгілік Ел рухани-адамгершілік құндылығын қалыптастыру: Тарих, мәдениет және тіл бірлігі, сынып оқушыларының бастама мен дербестік танытуына жағдай жасау.

Міндеттері: сынып оқушыларының сабақтан тыс қызметте

өздерінің жеке қабілеттерін тең танытуына жағдай жасау, шындықты эстетикалық қабылдауды қалыптастыру, өзінің және басқалардың жетістіктерін барабар бағалау қабілеттерін дамыту, өз жетістіктеріне қуану және басқалардың сәтсіздіктері үшін қайғыру, оқуға деген ықыласын сақтау, өзіне деген сенімін нығайту.

Жетінші бағыт: «Дарындылар елі» («Дарынды халық») жобасы

«Қазіргі кездегі қазақ мәдениеті» («Қазіргі әлемдегі қазақстандық мәдениет»)

Мақсаты: Мәңгілік Ел рухани-адамгершілік құндылығын қалыптастыру; Инновацияға негізделген индустрияландыру және экономикалық өсу, оқушыларға қоршаған өмірде өздерінің зияткерлік іскерліктерін ұтымды, тиімді ойлау қабілетін дамытуға көмек көрсету.

Міндеттері: зияткерлік дамуда оқушыларды ілгерілету үшін жағдай жасау; оқушылардың зияткерлік мәдениетін қалыптастыру, олардың ой-өрісі мен қызығушылығын дамыту.

Сегізінші бағыт: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты «Салауатты ұрпақ» жобасы («Салауатты болашақ»)

Мақсаты: оқушыларға адамның дене және психикалық денсаулығының маңыздылығын көрсету; болашақта өзін-өзі бекіту үшін денсаулықтың маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу.

Міндеттері: оқушыларда өз денсаулығын сақтау және жетілдіру мәдениетін қалыптастыру; оқушыларды алдыңғы ұрпақтардың дене және психикалық денсаулығын сақтау жөніндегі тәжірибесімен және дәстүрлерімен таныстыруға міндетті.

Сыныптан тыс жұмыс

Барлық сыныптан тыс шаралардың ортақ мақсаты - оқушыларды үйлесімді тәрбиелеу және жан- жақты дамыту. Олар балаларда құндылықтар мен әлемге, өз тұлғасына деген көзқарастың белгілі бір жүйесін қалыптастыруға көмектеседі; ұлттық және қоғамдық мәдениет пен дәстүрлерге баулу.

Негізгі оқу үдерісімен салыстырғанда, бұл жерде білім беру функциясы басқа екеуі үшін көмекші және бірінші кезекте әлеуметтік дағдыларды оқытуға бағытталған. Тәрбиелік және дамытушылық функциялар әрбір жеке баланың моральдық-

Ақпараттық
жүйелерден жүктеп
алынған мәлімет

адамгершілік мәдениетін, рухани идеалдарын қалыптастырудан, жеке (зияткерлік, шығармашылық, психологиялық және эмоционалдық) қасиеттерін анықтаудан және дамытудан тұрады.

Оқушылардың сабақтан тыс қызмет нысандарына:

1. Пәндік және тақырыптық үйірмелер.
2. Оқушылардың ғылыми және жобалық-зерттеу қызметі.
3. Спорт секциялары.
4. Ұжымдық шығармашылық істер.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

Қайырымдылық акциясы: Тамыз айынан бастау алған «Мектепке жол» акциясы Далабай аулының негізгі орта мектебінде де белсенді жүргізілді. Акцияның аз қамтылған және көп балалы отбасылардағы оқушыларға тигізер көмегі зор. «Қамқорлық» акциясы туралы ауыл ішінде, ұжымда да жарияланды. Мектеп мұғалімдері 500 теңгеден қосылып жағдайы төмен отбасы балаларына оқу құралдарын алып берді. Курмантаева А.И., Төлегенова М.М. оқушы қыз балаларына киімдей көмектесті.

1-қыркүйек білім күнінің ұйымдастырылуы

Далабай аулының негізгі орта мектебінде 2022-2023 оқу жылының алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтілді. Барлық сынып жетекшілер «Білімге құштарлық, еңбексүйгіштік пен отаншылдық қасиет» атты сынып сағаттарын өткізді. Оқушыларды топқа бөліп, бейне баяндар көрсетті. Оқушыларөте белсенді қатысты. Жиынға ауыл әкімінің м.а Нұрбеков Ғ.Ж. қатысып құттықтау сөз сөйледі. 1-сынып

Бағаланатын кезеңдегі тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары

ПДФ 40

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_000946_pdf40-2022-2023-oghtrbie-ghmysyny-ghospary.pdf

оқушыларына мектеп директоры құттықтау сөз сөйледі. Оқушылар тақпақ, ән айтты. Ата-аналар құттықтау сөз сөйлеп, шашу шашты. 9-сынып оқушылары мен 1-сынып оқушылары алғашқы қоңырауды соқты.

Экологиялық тәрбие

Қыркүйек айында осы тәрбие бағыты аясында абаттандыру санитарлық тазалық акциясы бастау алып әр аптаның бейсенбі күні тазалық және сенбіліктер ұйымдастыратын күн деп бекітілді. Сол үшін мектеп ауласы әр апта сайын тазартылып, мектеп ауласынан 5 м тыс жерлер де сонымен қатар жылу қазандығы да қалпына келтіріліп қысқа дайындықты бастады. Келесі жылға гүл тұқымдары жиналды.

Қарттар күнінің ұйымдастырылуы:

Қарттар күнінде ұстаздар мен оқушылар ауыл ақсақалдарына концерт ұйымдастырды. Ауыл әкімі құттықтау сөз сөйлеп, сыйлықтар берді.

Мұғалімдер күнінің ұйымдастырылуы

Мұғалімдер күні мерекесіне «Жас Ұлан» ұйымы концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Сонымен қатар 7-9 сынып оқушылары мұғалім болып, мұғалімдер 9-сынып оқушылары болды. 9-сынып оқушысы Биржанова Сабина мұғалімдерге сынып сағатын өткізді.

Ата-аналармен жұмыс

Осы бағыт бойынша төмендегідей іс-шаралар атқарылды. Қараша айында жалпымектепшілік ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып онда жаңа оқу жылына байланысты жоспарлармен таныстырылды және ата-аналардың демеушілігімен ұйымдастырылған жазғы жөндеу жұмыстарының деффект актысымен таныстырылды. Мектеп психологы Курмантаева А.И. психологиялық тренинг ұйымдастырды. ТІМ ата-аналармен жаңаша форматта амандасу ұйымдастырып, топқа бөліп ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтары мен міндеттері деген тақырыпта ой қозғау болды.

Алтын күз мерекесі

Мектебімізде қазан айында алтын күз мерекесі ұйымдастырылды. Даярлық тобы және 1-4 сынып оқушылары арасында жарыс түрінде өтті. Сыныптар күз мезгілінде пісетін жеміс-жидектер болып киімдер киінді. Ән, тақпақ айтып, би

биленді.

Рухани-адамгершілік тәрбие

Осы бағыт бойынша «Қыздың ары – ұлттың ары» тақырыбында қыздар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналысқа мектеп медбикесі Бегалина Р.Қ , тәрбие ісі меңгерушісі Төлегенова М.М. сынып жетекшілер қатысып қыздармен сұхбат ұйымдастырды. Сұхбат барысында қыздарға қыз баланың тәрбиесінің қатаң болуы, өздерінің тағдырына немқұрайлы қарамау керектігі жайында сөз болып қыз тәрбиесі жайында бейнероликтер қарады.

16-желтоқсан «Желтоқсан құрбандарын еске алу» кеші

15-желтоқсан күні мектебімізде 5-9 сынып оқушылары арасында «Желтоқсан құрбандарын еске алу » кеші өткізілді. Кеште Қайраттың анасына жазған хаты тақырыбында көрініс қойылды. Ляззаттың монолога оқылды. Бейнебаяндар көрсетілді. Мектеп кітапханашысы Нағызканова Қ.М. көрме ұйымдастырды.

Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы

Жаңа -жыл үлкеннің де кішінің де асыға күтетін мерекесі. Оқу жылы басталғанда жаңа жыл мерекесінің ауылы әлі алыс сияқты көрінгенімен мерекеге лезде жетіп те қалдық. Бұл мерекені барлығы сағына күтетіндіктен дайындықтың да қызу болары сөзсіз. 26-желтоқсан күні аудан әкімінің шыршасына мектебіміздің 2 оқушысы қатысып арнайы жаңа жылдық тәттілерге ие болып келді. Барлық сыныптар жаңа жылдық ойыншықтармен безендірілген. Осылайша дайындықты бастап кеткен Далабай ауылының негізгі орта мектебінде 27-28желтоқсан күндері «Болашақ» шағын орталығында, бастауыш сыныптарда және жоғары буында жаңа жылдық мереке ұйымдастырылды. Мереке барысында барлық оқушылар мерекелік костюм киіп, бар өнерлерін ортаға салып, келген қонақтарды да өздерінің ата-аналарын да әнімен, биімен, өлеңдерімен т.б өнерлерімен тамсандырды. 5-9 сыныптар арасында жаңа жылдық мереке жарыс түрінде ұйымдастырылды. Сыныптар дайындаған өнерлерін жақсы көрсетті. 6-сынып оқушылары санта клаус болып киініпте келіпті. Мереке соңында әділқазы алқалары жүлделі орындарды марапаттады. I орын 6-сынып, II орын 7-сынып, III

орын 5-сыныптар иеленді. Осылайша біздің мектепте жаңа жыл мерекесі оқушылар үшін де ата-аналар үшін де қызықты болып, жақсы көңіл- күймен тарасты.

13.01.2023ж мектебімізде "Асуларды алады жастар әлі, зор болашақ бүгіннен басталады" атты мектеп түлектерінің студенттермен кездесу кеші өтті. Кездесуге келген студенттер: Воробьев Руслан Көкшетау қаласы Арна Көкшетау жоғарғы колледжі Мамандығы ТЖМ. Назымбек Алишер Көкшетау қаласы Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжі Өрт қауіпсіздік мамандығы, Жақсылық Жасұлан Астана қаласы Еуразия Ұлттық университеті Сәулет Құрылыс факультеті "Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру" мамандығы. Студенттер жалпы оқуға қалай түскендері жайлы және ол мамандық бойынша болашақта қандай жұмыс жасайтындарын айтты. Сонымен қатар сол оқу орындарындағы басқа да мамандықтар бар екенін айтты. Оқушылар сұрақтар қойып, студенттер жауап қайтарды.

8-наурыз мерекесінің ұйымдастырылуы

Көктемгі жыл құсымен жарыса келген 8 наурыз – халықаралық әйелдер мерекесін Далабай ауылының негізгі орта мектебінде асқан ілтифатпен қарсы алып, мектептің ер мұғалімдері мен оқушылары аналар мен әйел мұғалімдер және қыздарға арнап мерекелік концерт ұйымдастырды. Әдеттегідей концерт залына асыққан ұстаз-аналар қауымы мен оқушы қыздар көңілі шатшадыман. Оларды көңілді әуен мен жастардың жадыраңқы қабағы, ер азаматтардың ыстық ықыласы тосып тұрды.

Сахна шымылдығы түрілісімен-ақ әсем әуен ырғағының жетегіне беріліп, мерекеге лайық оқушылар жүріп салтанат иелері – қыз-келіншектерді, ұлағатты ұстаздарды құттықтауды бастап кетті. Сөйтіп осылайша мерекелік концерт жалғаса берді. Оқушылар мерекелік көңіл-күйді пайдаланып, аналар мен ұстаздарына ойын ойнатып, көңілдерін көтеруді де естен шығармапты.

Абаттандыру жұмысы

Далабай ауылының негізгі орта мектебінде абаттандыру жұмыстары ақпан айынан басталды. Ақпан айында гүл тұқымдарын жинап рассадлар отырғызылды. Сонымен қатар сәуір айынан бастап абаттандыруға қажетті материалдар

жинақталып біртіндеп жасалды. Еңбек сабақтарында гүлзар жасауға қажетті материалдар жиналып, мектеп алдындағы гүлзарды сәндеуге арналған аққулар жасалды. Сәуір айында бүкіл мектеп ұжымы сенбіліктерге шығып мектеп ауласын түгелдей тазартты. Егілетін жерлер дайындалып, қарашіріктер төгіп жерді құнарландырды. Ауа райының жылып бастаған соң бірден гүлзарлар жасалып гүлдер егілді. Атап айтсақ 243 петунья гүлі, астра, гвоздика, Цинния георгингүлді, георгиния, кактусты цинния, ромашка т.б гүлдер отырғызылды. Сонымен қатар мектеп ауласының алдындағы демалыс орны жөнделіп орындықтары сырланды. Бүгінгі таңда жазғы уақытқа гүлдер мен ағаштарға күтім жасау мақсатында арнайы кесте құрылған. Және кесте бойынша оқушылар жазғы суару жұмыстарын жүргізеді. Және ол оқушыларға арнайы жетекші мұғалім бекітілген. Осылайша жұмыс күзге дейін жалғасады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ
ТАЛАП
АР ҰЯТ

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

Тәрбие мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Бағаланатын кезеңдегі тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары
ПДФ 41

http://sc0006.zharkain.aqmo.edu.kz/public/files/2024/3/9/090324_001131_pdf41-2023-2024-oghtrbie-ghmysyny-ghospary.pdf

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу

Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша төмендегідей іс-шаралар атқарылды.

Ұлттық мүдде құндылығы:

Далабай ауылының негізгі орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтілді. Барлық сынып жетекшілер «Мектебім мейірім мекені» атты сынып сағаттарын өткізді. Салтанатты жиынға оқушылар мен қатар ата-аналар, ауыл тұрғындары қатысты.

Мектеп психологімен бірлесе отырып, оқушылардан Діни экстримизмнің алдын алу бағытында оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері талқыланып, анықтама жазылды.

Жоғары сынып оқушылары арасында «Туған елде тұрып, жұмыс істеу – дарынды жастардың таңдауы», «Терроризм – қоғамға қауіп төндіреді», «Діннен адастыратын ағымдар» тақырыптарында дөңгелек үстел өткізілді. Іс -шара барысында оқушылар өз ойларымен бөлісіп, пікірлерін ортаға салды.

1-4,5-8 сынып оқушылары арасында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Асық ойындары» өткізілді. Оқушылар «Асық ату», «Бес асық» ойындарын ойнап, жарысқа түсті.

15 қараша Ұлттық валюта күні «Ұлттық теңге – мақтанышымыз» сынып сағаттары өткізілді.

Қазақ тілі пәнінің ұйымдастыруымен «Мен өз

отбасымды жақсы көремін» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында шығарма жазу байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде 8-сынып оқушысы Самат Ысқақ «Үздік шығарма» номинациясына ие болды. Сонымен қатар жоғары сынып оқушылары арасында «Рәмізім мақтанышым» тақырыбында эсселер жазу байқауы ұйымдастырылды.

Ар-ұят құндылығы:

5-8 сынып оқушылары арасында А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға А.Байтұрсынұлының өмірбаяны, еңбектері жайлы баяндалып, қазақ тілінің қалыптасуы мен сақталуына қосқан үлесі жайлы айтылды.

4-8 сынып оқушылары арасында «Атадан қалған асыл мұра» «Ата кәсіп» қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылардың өз қолдарымен жасалған бұйымдары қойылды.

Мектеп оқушылары арасында «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» тақырыбында фотоколлаждар сайысы өткізілді. Бұл сайысқа мектебіміздің барлық оқушылары қатысып, сайыс жеңімпаздары мектептің әлеуметтік желілеріне жүктелді.

Мектеп медбикесінің қатысуымен «Есірткісіз және ЖҚТБ-сыз әлем» тақырыбында акция ұйымдастырылды. Акция барысында оқушылармен берілген тақырыптарда дөңгелек үстел ұйымдастырылып, суреттер көрмесі өткізілді.

Ауыл медбикесінің қатысуымен оқушылар арасында «Бала денсаулығы - ұлт денсаулығы» тақырыбында бала денсаулығына байланысты кеңес өткізілді. Іс-шара барысында бала денсаулығының еліміздің ұлт болып сақталуындағы негізгі аспектісі екендігі басып айтылды.

Талап құндылығы:

Мектебімізде қыркүйек айында «Еңбек экономикалық және экологиялық» айлығы өткізілді. Айлық барысында «Эко мектеп» ұйымы құрылып, мектеп ауласын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер өткізіліп отырды.

Оқушылардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Жас эколог әліппесі» «Мен және экология» тақырыптанырда сынып сағаттары

өткізілді.

Мектеп медбикесінің өткізуімен оқушылар арасында «Дұрыс тамақтана білеміз бе?» тақырыбында түсіндірме сабақтары өткізілді.

Мектеп психологінің ұйымдастыруымен «Қауіпті жағдайлар.Сыпайы бас тарту» тақырыбында тренинг сабақтары ұйымдастырылып, оқушыларға қауіпті жағдайлар туралы ескертулер айтылды.

Мектебіміздің информатика пәнінің мұғалімінің ұйымдастыруымен «Қауіпсіз Интернет» мектеп оқушыларына түсіндірме жұмысын жүргізілді. Бұл іс-шара барысында оқушыларға интернет желісінің тигізетін кері аспектелірі мен қауіпті және қауіпсіз желілер туралы айтылды.

Тоғыз ай, тоғыз іс-шара жобасы

Қыркүйек айында дене шындықтыру пәнінің мұғалімі Амангельдин Е.Ж. ұйымдастыруымен жалпы республикалық **"Сергіту сәті" челленджі** өтті.

Мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын насихаттау. Бұл іс-шараға мектебіміздің барлық оқушылары қатысты. Оқушылар бір уақытта сергіту сәтін жасап, аталмыш челлендж мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды.

Қазан айында мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары **"Әнұран айту"** челленджіне қатысып, мемлекеттік әнұран орындалды.

Мақсаты:

білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету. Челлендж мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды.

Қараша айында жоба аясында «Асық» ойынын дәріптеу мақсатында, **«Алтын сақа»** республикалық челленджі өткізілді. «Болашақ» шағын орталығы мен мектеп оқушылары арасында «Асық» ойындары ұйымдастырылды. **Мақсаты:** білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау. Челленджге мектептің барлық оқушылары мен ұстаздары ат салысты. Челлендж мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды.

Желтоқсан айында «Болашаққа хат» шығармалар

жазу челленджі ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу. Челлендж білім алушылардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған

Төрт тоқсан-төрт өнер жобасы

Жобаның мақсаты: қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Жобаның міндеттері:

- 1) өз Отанына деген мақтаныш сезімін, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- 2) қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, оны одан әрі байытуын сақтау және дамыту;
- 3) халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын түсіну негізінде білім алушыларды толеранттылыққа тәрбиелеу;
- 4) қазақ халқы мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын сақтау.

«АҚЫНДАР АЙТЫСЫ». **Жобаның мақсаты:** ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау.

Төрт тоқсан-төрт өнер жобасы аясында I тоқсанда жоғары сыныптар оқушылары арасында «Ақындар айтысы» өткізілді. «Айтыс» өнерін дәріптеу мақсатында, ауылымыздан шыққан айтыскер ақын Қарсақ Қопабайұлының мұражайы жайында бейнеролик түсірілді. Жоба нәтижесі мектебіміздің әлеуметтік желілеріне жарияланды.

«АЛТЫН САҚА» ОЛИМПИАДАСЫ. **«Алтын сақа» олимпиадасының мақсаты** – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру, батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту. Оқушылар **«Бес табан»**, **«Бес асық»** ойындарын ойнап сайысқа түсті. Іс-шараға мектебіміздің барлық

оқушылары мен ұстаздары қатысты.

Атаулы мерекелер мен іс-шаралар

1-қыркүйек білім күнінің ұйымдастырылуы. Далабай ауылының негізгі орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтілді. Барлық сынып жетекшілер «Мектебім мейірім мекені» атты сынып сағаттарын өткізді. Салтанатты жиынға оқушылар мен қатар ата-аналар, ауыл тұрғындары қатысты.

Тілдер мерекесі. Тілдер мерекесіне орай қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің онкүндігі өткізілді. Онкүндік барысында жоспар бойынша ашық тәрбие сағаттары, сыныптан – тыс іс-шаралар өткізілді.

Қарттар күнінің ұйымдастырылуы. Қарттар күніне орай мектептің өзін – өзі басқару «Жас Ұлан» ұйымы ауылымыздың қарттарын құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Ұстаздар күні. Ұстаздар күні мерекесіне орай, оқушылар бірнеше күн бойы ұстаздарды құттықтап, тілектерін білдірді. Сонымен қатар «Дублер күні» ұйымдастырылды. Оқушылар мұғалім ролінде болып, төменгі сынып оқушыларына сабақ берді. Мектеп президенті Ысқақ Самат мұғалімдер арасында «21-ғасыр көшбасшысы» іс-шарасын ұйымдастырды. Мереке «Жас Ұлан» ұйымының концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

Алтын күз мерекесі. Мектебімізде қыркүйек айында 1-8 сынып оқушылары арасында алтын күз мерекесі ұйымдастырылды. Мереке барысында оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, күзгі сән, күзгі қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.

Республика күнін ұйымдастыру. Республика күніне орай барлық сыныптарда «Менің Отаным-Қазақстан» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, оқушылар құттықтау сөз тілектерін білдіріп, бейнеролик түсірілді "Болашақ"шағын орталығының бүлдіршіндеріне тәрбиешілер "Республика күніне" орай көрме ұйымдастырылып еліміздің рәміздерімен танысып тамашалады. Әлеуметтік желілерде "Менің Жерім" , «Ауылым - алтын бесігім» атты бейнеролик жарияланды. 25-қазан Республика күніне орай "Ел рәміздері - еркіндік нышаны" 1-7 сыныптар арасында сурет көрмесі

ұйымдастырылды. Бастауыш сыныптар арасында Абенова К.Ш ұйымдастыруымен "Менің елім - Қазақстан" атты көркемсөз оқу сайысы өткізілді Жұлделі оқушылар марапатталып ,бағалы сыйлықтар берілді.

Күзгі демалысты тиімді ұйымдастыру . Күзгі демалысты тиімді ұйымдастыру мақсатында Байшин Қ.Т. ұйымдастыруымен "Шебердің қолы алтын" іс-шарасы өткізілді. Физика пәнінің мұғалімі Амиргазина Т.М. жоғары сынып оқушыларымен "21-ғасыр көшбасшысы" зияткерлік сайысын өткізді. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өз білімдері мен біліктерін көрсете білді. Байшин Қ.Т. ұйымдастыруымен дойбы, шахмат ойындарынан сайыс өткізілді Альмухамбетова А.Т. ұйымдастыруымен 5-8 сынып оқушылары арасында «Не?Қайда?Қашан?» сайысы өткізілді.

5-7 сынып оқушылары арасында, Тәрбие ісінің меңгерушісі Альмухамбетова А.Т. ұйымдастыруымен ұстаз, жазушы Спандияр Көбеевтің 145-жылдығына орай "Ұлт ұстазының шәкірті" атты тәрбие сағаты өтілді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға С.Көбеевтің өмірбаяны, шығармалары, кәсіби жолы жайлы құнды мәліметтер айтылды. Жазушы шығармалары оқылып, аудармалары мысалға келтірілді.

«Мен қатыгездік, зорлық-зомбылықсыз балалық шақты қалаймын» науқаны.Науқан аясында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты тәрбие сағаттары өткізілді. Осы тақырыпта 5-8 сынып оқушылары арасында Алдашев С.Қ. ұйымдастыруымен атты дөңгелек үстел өткізілді. 2-8 сыныптар арасында Байшин Қ.Т. ұйымдастыруымен «Мен қатыгездікке қарсымын» тақырыбында суреттер көрмесі өткізілді.

Тәуелсіздік күні. Тәуелсіздік мерекесіне орай ұйымдастырылған "Ұлттық рух- тәуелсіздіктің тірегі" атты челленджі. Сонымен қатар Тағабергена М.Қ. ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік жолында» көрмесі ұйымдастырылды. Желтоқсан оқиғасында құрбан болған азаматтарды еске алу мақсатында "Тәуелсіздік-тұғырым" атты дөңгелек үстел өткізілді

Жаңа жыл мерекесі. Жаңа жыл мерекесі Тәрбиешілердің ұйымдастыруымен «Болашақ» шағын

орталығында, Нағызканова Қ.М. ұйымдастыруымен бастауыш сыныпта, Мурзабекова Ж.Б. ұйымдастыруымен жоғарғы сыныпта өткізілді. Облыс әкімінің қатысуымен президенттік шыршаға мектебіміздің 8- сынып оқушысы Ысқақ С.М барып қатысып келді. Аудан әкімінің қатысуымен өткізілген шыршағы Мұрзабек Іңқар, Мұрзабек Інжу, Назымбек Алан қатысты.

Ата-аналарды қолдау орталығы

2023-2024 оқу жылының 1-қыркүйегінің №91 бұйрығы негізінде отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарға педагогикалық-психологиялық көмек көрсету мақсатында **ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды.**

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

- 1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
- 2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;
- 3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары бекітіліп, консультациялық орталықтың жұмыс кестесі белгіленді.

«Мектеп парламентінің» жұмысы:

